

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың жобасын әзірледі.

Ұсыныстар мен ескертулер енгізу арқылы жобаны талқылауға белсенді қатысуға шақырамыз (email L.Nurmagambetova@kmgcp.kz +77172 977954)

Жоба

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары

1. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатына сәйкес әзірленді және құндылықтар мен моральдық бағыттар жүйесін құру арқылы қызметкерлер арасында кез келген сыбайлас жемқорлық белгілеріне төзімсіздік ахуалына қол жеткізуге бағытталған.

2. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеуші болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.

4. Қоғам қызметкерлеріне мыналар ұсынылады:

4.1. Өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- кез келген сыбайлас жемқорлық белгілеріне қарсы тұру, құқық бұзушылықтарға не болмаса сыбайлас жемқорлыққа байланысты немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын әрекеттерге жол бермеу, кез келген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жолын кесу;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы расталған ақпарат бойынша осындай құқық бұзушылықты болдырмау және тоқтату бойынша барлық қажетті шараларды қабылдау;

- өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде заңдылықты, адалдықты, параға сатып алмаушылықты және ашықтықты сақтау қағидаттарына негізделген құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

- көпшіліктің алдында сыбайлас жемқорлық белгілері бойынша негізсіз айыпталған жағдайда осындай айыптау күнінен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару бойынша заңда көзделген барлық шараларды қабылдау.

4.2. Өз құзыретінің шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- өзінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды

қиындататын әкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеу. Осындай фактілер анықталған жағдайда оларды жою бойынша заңда көзделген шараларды ғана қабылдау;

- Қоғамға экономикалық залал келтіруді болдырмау бойынша барлық мүмкіндіктерді пайдалану, жеке мүдделерінде және үшінші тұлғалардың мүдделерінде тексеруге бастамашылық етуге жол бермеу;

- өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және оларға байланысты мүмкіндіктерді жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін пайдаланбау;

- мүдделер қақтығысына жол бермеу бойынша шаралар қабылдау.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасы мен қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес оны болдырмау және алдын алу бойынша шаралар қабылдау.

4.3. Ішкі құжаттардың жобаларын дайындау кезінде:

- әзірленетін ішкі құжаттарда қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық факторларын немесе сыбайлас жемқорлық және өзге де заңсыз сипаттағы құқыққа қарсы іс-әрекеттерді жасауына алғышарттар жасайтын сыбайлас жемқорлық факторларын немесе олардың белгілерін қамтитын нормаларды қолданбау, қажет болғанда, оларда тиісті алдын алу шараларын көрсету.

4.4. Өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар жасау кезінде.

4.4.1 Басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде мыналар ұсынылады:

- өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, адалдық пен параға сатып алмаушылық үлгісі болу;

- меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеу;

- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

- қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал етуге өзінің қызметтік дәрежесін пайдаланбау;

- құқыққа қарсы қылықтарды, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына жат қылықтарды жасауға мәжбүрlemeу.

4.4.2. Қарамағындағы қызметкерлерге өз басшыларымен мыналар ұсынылады:

- тапсырмаларды орындау кезінде объективті және расталған мәліметтерді ғана беру, өздеріне белгілі болған басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе өзге де тұлғалардың іс-әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы басшылыққа дереу хабарлау;

- басшылыққа қатысты жеке басына берілгендікке, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда және артықшылықтар алуға ұмтылуға жол бермеу.

5. Қоғам қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелген қызметті жүзеге асыру;

- жақын туыстарының, жұбайларының/зайыптарының және жекжаттарының бірлесіп қызмет етуіне (жұмыс істеуіне) жол бермеу;

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе шығару мақсатында ресми түрде таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты қолдану;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерді орындауға байланысты сыйлықтар алу бойынша шектеулер мен тыйым салуды сақтау ұсынылады.